

С.Ә. Бәкірова¹

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Т.О. Ізім²

²Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

ХОРЕОГРАФИЯ ӨНЕРІ САЛАСЫНДА МАМАНДАР ДАЙЫНДАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР

Аннотация

Педагогикалық үдеріс сапалы болуы үшін, оқу жүйесі қағида ретінде ұсынылған белгілі бір заңдылықтарға сүйеніп ұйымдастырылады. Жоғары мектептің дидактикасы кез-келген кәсіби қызметтің маманын оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптар жүйесіне негізделген. Мақалада хореография өнері саласында орта және жоғары білім беру үдерісін ұйымдастыруда қолданылатын оқыту қағидаларына теориялық талдау жасалынады.

Түйінді сөздер: педагогикалық қағидалар, кәсіби құзыреттілік, білім беру жүйесі, хореография өнері.

С.А. Бакирова¹

¹Казахская национальная академия хореографии
(Нур-Султан, Казахстан)

Т.О. Ізім²

²Казахская национальная академия хореографии
(Нур-Султан, Казахстан)

ОСНОВНЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ ПРИ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБЛАСТИ ХОРЕОГРАФИИ

Аннотация

В целях повышения эффективности педагогического процесса следует учитывать имеющиеся закономерности, представленные в виде принципов. Дидактика высшей школы опирается на систему требований, предъявляемых к организации обучения специалиста любой профессиональной деятельности. В статье дается теоретический анализ принципов обучения, применяемых при организации процесса среднего и высшего образования в области хореографического искусства.

Ключевые слова: педагогические принципы, профессиональная компетентность, система образования, хореографическое искусство.

S.A. Bakirova¹

*¹Kazakh National Academy of Choreography
(Nur-Sultan, Kazakhstan)*

T.O. Izim²

*²Kazakh national academy of choreography
(Nur-Sultan, Kazakhstan)*

BASIC PEDAGOGICAL PRINCIPLES USING IN THE TRAINING OF SPECIALISTS

Annotation

The pedagogical process, in order to be effective, must take into account the existing patterns presented in the form of principles. Didactics of higher education is based on a system of requirements for the organization of training of a specialist in any professional activity. The article provides a theoretical analysis of the principles of training used in the organization of secondary and higher education in the field of choreographic art.

Key words: *pedagogical principles, professional competence, educational system, choreographic art.*

Кіріспе. Оқыту қағидалары (дидактикалық қағидалар) – дидактиканың негізгі категориясы, оқу үдерісінде басшылыққа алынатын талаптардың жиынтығы. Оқытудың қағидалары қоғамның білім беру жүйесіне қоятын талаптарына байланысты өзгеріп отырады. Хореография өнерін оқыту жүйесіндегі жалпы қағидалар: эмоциялық және логикалық байланыс, көрнекілік, жүйелілік, қол жетімділік, салыстыру әдісі және қимылдардың ауыспалылығы болып табылады.

Зерттеу әдістері. Бұл мақалада келесі зерттеу әдістері қолданылған:

- педагогика және хореография өнері саласындағы оқытудың қағидаларын салыстыру;
- көрнекті педагог-хореографтардың педагогикалық технологияларын сараптап, тәжірибе жүзінде қолдану арқылы, ғылыми тұрғыдан негіздеу;
- хореография өнері саласында орта және жоғары білім беретін ұйымдардың озық тәжірибелерін бақылау.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу. Эмоциялық және логикалық байланыс – логикалық (нақты ғылымдар) және эмоциялық (өнер) таным сфералары, адам тұлғасының дамуының тең құқылы ойлау және шығармашылық қабілеті. Оларды рух феноменологиясының жоғары және төменгі сатысы ретінде қарастыруға болмайды. Бұл екі дербес, бір-біріне қатысты тең құқықты және өзара байланысты сана мен қызмет түрлері. Қазақ балет педагогикасының тарихын зерттеуші Л.А. Николаева «Оно является непременным условием ведения урока. Например: разучивание танцевального движения начинается с показа

(эмоциональное восприятие), затем следует разучивание (логическое мышление)», – деп көрсеткен [1, 134б.]. Аталған қағидадан түйіндейтініміз педагог көрсеткен қимылдардың мағыналық логикасының болуы: үйретілген қимылдың мәнерлілік мағынасы символдық мағынамен толықтырылып, қимылдар белгілі бір бейнелі характерге, көңіл-күйге, сезімге құрылғанда, орындаушылар би тілінде сөйлеп үйренеді.

Зерттеу нәтижесі.

1. Көрнекілік – хореографиялық кәсіби білім берудегі негізгі қағида. Педагог-хореографтың көрсетуімен немесе бір оқушыны назарға алып нұсқау бере отырып, оқушыларға қимылдың орындалу әдістемесін түсіндіру. Сонымен қатар «көрнекілік» педагогикалық дидактикалық тәсіл. Көрнекілікті қолдану оқушылардың психологиялық белсенділігін, сабаққа деген қызығушылығын жоғарлатып, материалдарды терең түсінуіне, есте сақтауына көмектеседі. Хореографиялық пәндерді оқытуда «көрнекілік» ұғымын п.ғ.д., профессор А.К. Кульбекова «Создает чувственную основу для овладения профессиональными понятиями. Это могут быть видеоматериалы, архивные документы и наглядные материалы, специальная литература, записи уроков, отдельных экзерсиса, комбинаций, мастер классы ведущих артистов балета, известных специалистов» - деп толықтырады [2, 128 б.]. Хореография өнеріндегі «көрнекілік» ұғымының екі жолы бар. Қазіргі таңда оқу жүйесін ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі - интернет желісіндегі атақты балет театрларының, би ансамбльдерінің видеоматериалдарымен танысу. Әлемдегі жетекші хореографиялық училищелердің кәсіби пәндер бойынша емтихан материалдары педагог-хореографтарға көмекші құрал. Ал, оқушылар үшін оларға болашақ мамандықтарының қыр-сырын меңгеруде, мотивация беруде, қимылдардың сахналық үлгісін бейнелеуде маңызды роль атқарады.

2. Жүйелілік – қоршаған ортадағыдай, адамның физикалық және рухани, шығармашылық дамуыда белгілі бір қадамдар арқылы қалыптасады. Сабақ кестесін бекітуде, оқу бағдарламасын құрастыруда, білім мен дағдыны қалыптастыруда, оқу материалын меңгеруде, оқушыларға тапсырма бергенде жүйелілікке ерекше мән беріледі. Қазақстандық ғалым Л.А. Николаева «Жүйелілік – хореография өнеріндегі басты компонент, алғашқы этап – би қимылдарының әліппесін меңгеруден басталса, кейін күрделі комбинацияларды, би номерлерін үйренуде жалғасын табады» [1, 134 б.], Карло Блазис «Только путем постоянных длительных занятий можно овладеть искусством танца. Необходимо учение, работа и прилежание» [3, 156 б.] дегенін ескерсек, бұл тұжырымдамалардан хореография өнеріндегі «жүйелілік» ұғымының ролін және белгілі бір нәтижеге қол жеткізудегі бірден бір қағида екеніне көз жеткіземіз.

3. Қол жетімділік қағидасы – сабақты жоспарлау жүйесінің оқушылардың физикалық дайындығына тәуелділігін көрсетеді. Қол жетімділік қағидасы жүйелілік және реттілік әдістерімен байланысты.

Қол жетімділік қағидасының ерекшелігі жаттығуларды орындау дағдысын жетілдіруде ғана емес, сонымен қатар орындау техникасын дамыту, физикалық жүктемені біртіндеп өсіру. Хореография өнерінде кәсіби пәндердің жас ерекшеліктеріне байланысты сыныптарға бөліп оқытылатынын ескерсек, оқу бағдарламасына сүйеніп жұмыс жүргізу, осы қағиданың сақталуына негізделеді. Бағдарлама бойынша берілмеген күрделі тапсырма орындаушылық дағдыны жетілдіруді тежейді және нәтижесінде түзетілмейтін қателіктерге алып келеді. Тым қол жетімді және жеңіл материал орындаушының өзінің қабілетін жетік бағалауға әкелуі мүмкін.

4. Салыстыру әдісі және қимылдардың ауыспалылығы – хореография сабағында түрлі бұлшық еттерге физикалық жүктеменің біркелкі берілуі. Мысалы: қимылдар координацияны, иілгіштікті, дамыту үшін берілуі мүмкін.

Сараптама жасалған қағидалар жалпы хореографиялық орта кәсіби білім беру барысында педагог-хореографтарға ұсынылады. Жоғары оқу орындарында педагог-хореограф мамандарды дайындау барысында осы қағидаларды интеграциялық, ғылымилық және теориялық білімді практикамен байланыстыру, ұжымдық оқыту, оқытудағы белсенділік, гуманизациялау, мәселелік, ынталандыру қағидалары толықтырады.

5. Интеграциялық – «Интеграция дегеніміз: (латынша қалпына келтіру, толықтыру, бүтін) – педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру» – деп тұжырымдалған. Ал, хореография өнеріндегі интеграция қағидасы хореограф мамандарды дайындаудың ең алғашқы курстарынан бастап қатар жүреді. Хореография синкреттік өнер болғандықтан, осы саланың барлық түрінен хабардар болуды, қоғамға сай эстетикалық талғам қалыптастыруды талап етеді. Жоғары оқу орындарында мамандар дайындауда хореография өнеріндегі интеграциялық қағидасы білім алушыларды хореография бағытында мамандандыруларына байланысты кәсіби маман ретінде бейімдеу деп қарастырамыз. Мысалы: педагог-хореографтарға білім беруде, теориялық әдіс-тәсілдерді меңгеруден басталса, режиссер-хореографтарды дайындауда олардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін дамытудан басталады (яғни студенттердің оқу бағдарламаларға байланысты хореографиялық қойылымдар шығара білу дағдысы). Сонымен қатар гуманитарлық пәндердің хореография өнеріне байланысты жүргізілуі студенттердің алған білімдерін болашақта өздерінің кәсіби қызметтерінде пайдалануға мүмкіндік береді. Ол пәндер өз тарапынан оқу үдерісінде білім алушылардың қызығушылықтарын қалыптастырудың негізі болады. Мысалы: ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнінде хореограф мамандар түрлі сайттармен және платформалармен жұмыс жасаудың ерекшелігін меңгереді. Видео проекттер жасаудың жолдарын, музыка, видеоматериалдарды монтаждау жұмыстарын үйренеді. Құжаттармен, түрлі бағдарламалармен жұмыс жасау қағидалары

үйретіліп және тәжірибеде бекітілуі кез-келген жағдайға бейімделе алатын кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан маман дайындауда маңызды роль атқарады.

6. Ғылымилық – А.К. Кульбекова: «Содержание учебно-творческого процесса в вузах по подготовке хореографов и высококвалифицированных специалистов должно представлять собой систему знаний по мировому хореографическому искусству, национальнoй хореографии, истин, установленных наукой, знакомить с методами и истoрией возникновения традиционного танца, его уникального генезиса, ментальных ориентиров общества» [2, 128 б.]. Демек, хореография өнеріндегі тәжірибенің озық жетістіктерін қолданып оқыту, берілген тапсырмалар арқылы білім алушыларды ғылыми шығармашылық жұмыспен айналысуға баулу мүмкіндігін туғызу. Оларға тәжірибе жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау - оқытудың ғылымилық қағидаларын сақтап, еліміздің хореография өнерін жетілдіруде өз үлесін қосуға негіз болады.

7. Теориялық ғылымды практикамен байланыстыру – бұл қағида классикалық философияның «өмір», «тәжірибе» таным көзі деген ережесіне сүйенеді. Хореографиялық орта кәсіби білім беруде – сахна тәжірибесі, жоғары кәсіби білім беруде – педагогикалық тәжірибе мамандарды даярлауда маңызды роль атқарады. Хореография өнері саласында алған терең білімдерін, кәсіби қызметте пайдалана білуге дағдыландыру. Тәжірибеден өту барысында педагог-хореографтың кәсіби қызметінің қыр-сырын меңгеріп, педагогикалық тәжірибенің есебін жазу барысында өз жұмыстарына рефлексия жасайды. Бұл қағиданы сақтауда әрбір студентті сабақ барысында оқытушы роліне қою, топтағы студенттерге қимылдарды түсіндіру барысын бақылау және студенттің жұмысын оқытушымен бірге талдау ұсынылады.

8. Ұжымдық оқыту – хореография өнері ұжымда жұмыс жасаудан бастау алады, орындаушылардың қимылдарды орындағанда бір-бірін сезіне білуіне, ұжымдағы ауызбіршілікке, өз ара қарым-қатынастарына тікелей байланысты. Аталған қағида кішкентай баланың би үйірмесіне барған уақытынан, педагог-хореографпен және басқада қатысушылармен қарым-қатынас нәтижесінде пайда болатын қағида. Би өнерінің қарым-қатынас функциясымен байланысты ұжымдық оқыту қағидасы хореография өнерінде маңызды роль атқарып, ғылыми зерделеуді талап етеді. Е.Я. Басин, В.П. Крутоус: «Көркемдік жетекші - кәсіби шеберлік негіздерін жетік меңгерген, жоғары мәдениетті, терең білімді өз заманының көшбасшысы. Оның бағыттары мен эстетикалық ұстанымдарынан, ұжымның шығармашылық және азаматтық-идеялық талпыныстары көрінеді» - деп анықтама береді [4, 156 б.]. Қазіргі таңда көркемдік жетекші балетмейстер ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші. Ол өзінің білімін пайдалана отырып, стратегиялық жоспар жасап, оған жетудегі мақсатты айқындап, әдіс-тәсілдердің нақты тізбегін анықтайды. Ұжымдағы әр түрлі мінездегі, әр түрлі қабылдау ерекшеліктері бар

адамдардың, құқықтарына, эстетикалық талғамдарына назар аударар отырып, өмірде және сахнада шығармашылық табысқа жету жолын қамтамасыз етеді. Өзінің өмірлік, шығармашылық тәжірибесіндегі педагог-жетекшілердің жұмыс жасау қағидаларын ұстанатын, дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, орындаушылық тәжірибесін іске асыра алатын маманнан қазіргі таңда білікті ұжым жетекшісі қалыптасады.

9. Саналылық және белсенділік қағидасы - өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сіңеді. Білімді саналы меңгеруге - оқу желісі, өз бетімен жұмыс, белсенділік, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім алушының танымдық іс-әрекетін басқару, оқытушының әдіс-құралдары көмектеседі. Білім алушының танымдық белсенділігі оқу процесіндегі аса қажет жағдай және оқу материалын терең және берік түсінуге орасан зор ықпал етеді.

Қазақ ұлттық хореография академиясының бакалавр деңгейі бойынша білім алушыларының оқу процесін саралай келе, оқу бағдарламасының студенттердің қатысуымен құрастырылатындығы, олардың тың идеяларының, ұсыныстарының ескерілетіндігі белсенділік қағидасын дамытуда жасалынып жатқан жұмыстардың бірі. Сонымен қатар, сабақ барысында студенттердің жоба жұмыстарымен, шығармашылық қызметпен айналысуы, оқытушының оларға тек қана жол көрсетуі (аталған кезеңде оқытушының студенттің өзіндік идеясына тосқауыл болмай, сауатты түрде бағыт-бағдар берілуі назарда ұсталынады) олардың сын тұрғысынан ойлау және өз бетінше жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастырады. ҚР Халық артисі, өнертану профессоры Б. Аюханов «Педагоги ГИТИСа учили нас творческой самостоятельности, ничего не делая за нас, осторожно направляя нашу творческую фантазию» [5, 85 б.] – деп өзінің оқытушыларының педагогикалық технологияларын есіне алады.

10. Гуманизациялау – білім алушыға деген ерекше сүйіспеншілікті, құрметті талап етеді. Білім алушыға сенім артып, оның жеке басының қасиеттерін ескеріп, оқу-таным әрекетінің жемісті болуына қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктердің жасалуы. Бұл қағиданы іске асыруда халық педагогикасының маңызы зор екенін білеміз. Халық педагогикасы қазақ халқының ғасырлар бойы атадан балаға өлмес мирас, өмірлік мұра болып келе жатқан тәрбие жөніндегі жинақталған тәжірибесі. Әсіресе балаларды ізгілікке тәрбиелеуде халық педагогикасының қағидалары мен салт-дәстүрлерінің орыны ерекше. Сонымен қатар қазіргі таңдағы білім алушыларға жасалынып жатқан жағдайлар аталған қағиданы іске асыруға көмектеседі.

Мысалы:

- білім беру платформалары (You tube каналындағы Dancehelp, pro Ballet, Ballroom Dance Tube, WDSF Academy сайттары);
- А.Я. Ваганова атындағы орыс балет академиясының;
- Мәскеу мемлекеттік хореография академиясының;
- Қазақ ұлттық хореография академиясының сайттары электронды

жүйедегі кітапханалардың қолжетімділігі болашақ хореограф мамандардың ғылыми-танымдық деңгейінің өсуіне және уақытты үнемдеулеріне зор үлес қосады. Замануи талаптарға сай би залдары, техникалық құрал-жабдықтар оқу процесінің материалдық базасын құрайды. Білім алушыдан талап етілетіні аталған жағдайлардың барлығын, өздерінің мүдделеріне тиімді пайдалана білуді үйрену.

11. Мәселелікқағида—оқу процесінің мазмұны, әдістері, ұйымдастыру нысандарының мәселелерін шешуін талап етеді. Мәселелі оқыту білімді дайын түрде бермей, білім алушылардың ізденуін, дербестігін, шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталады. Мәселелік қағидасы – білім алушылардың ойлау процесінің психологиясына негізделеді. Өйткені ойлаудың басталуы мәселенің болуына байланысты, ойлау-мәселелік сұрақ немесе міндеттен басталады. Мәселе тудыратын, білім алушының қызығушылығын арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар тізбегін құрастыру – әрбір оқытушының ғылыми-шығармашылық қызметімен және орындаушылық тәжірибесімен тығыз байланысты.

Сабақ жүргізу әдістемесі сабақ құрылымынан, оның ұзақтығынан, комбинацияларды құру әдістерінен, бағалау қызметінен құралады. Ол үнемі жетілдіріліп отырады, бүгінгі күні іс жүзінде әр түрлі әдістер қолданылады. Олар пәндерді тиімді меңгеруге көмектеседі. Барлық осы әдістер мен принциптер ұзақ уақыт бойы белгілі педагогтар мен әр түрлі хореографиялық мектептердің ықпалымен қалыптасты, олар оқытудың қазіргі заманғы әдістемесін анықтады.

«The professional competence formed in students of the choreographic profession, as well as creative and pedagogical theories and techniques that students master in the course of training, will strongly influence the efficiency and quality of the educational process in the schools of arts, choreographic schools, ensembles, and studios. Therefore, training of a specialist in higher vocational education system should be focused primarily on the formation and development of specific professional competence in students of the choreographic profession» [6, 38 б.] – аталған тұжырымдамадан білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығын көреміз. Хореография мамандығы бойынша кәсіби пәндерді оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, оқыту қағидаларын ұстанып, сабақтарды жүргізу студенттерді жаңа қоғамға бейімдеп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге дағдыландырады.

Қорытынды. ХХІ ғасырдағы хореография педагогикасының тек қана би қимылдарын үйретумен ғана шектелмейтіні айқын. Сабақ барысында өнер түрлерін біріктіріп, зерттеп, білім алушылармен диалог құру, оқыту жүйесіндегі эмоциялық және логикалық байланыс, көрнекілік, жүйелілік, қол жетімділік, салыстыру және қимылдардың ауыспалылық әдістері қолданылады. Жоғары білім беру жүйесінде оқытудың интеграциялығы, ғылымилылығы, теориялық білімді практикамен байланыстыруы, ұжымдық оқыту, белсенділік, гуманизациялау, мәселелік, ынталандыру қағидаларын сараптап, пайдалану, әлемдік мәдениетті дамытуға үлес қосатын мамандар дайындауға ықпал етеді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Николаева Л.А. История балетной педагогики Казахстана. Учебное пособие. – Алматы: Полиграфия-сервис К, 2012. – 222 с.
2. Кульбекова А.К. Педагогика профессионального хореографического образования. Монография. – Астана, 2016. – 296 с.
3. Классики хореографии: Сб. Статей. – Л. – М.: Искусство, 1987. – 359 с.
4. Басин Е.Я., Крутоус В.П. Философская эстетика и психология искусства. – М.: Гардарики, 2007. – 320 с.
5. Аюханов Б.Г. Биография чувств. – Алматы: Фонд «Сорос-Казахстан», 2002. – 334 с.
6. Izim T.O., Kaiyr Zh.U., Turgymbaeva B.D., Saukhanova M.S., Kariyeva K.U., Baigozhina Zh.M. On the professional competence formation in students as future choreography teachers (based on the art history materials of choreography of Kazakhstan). – Revista Espacios. – Vol. 39 (# 21). – 2018. – P.38.

References:

1. Nikolaeva L.A. *Istorija baletnoj pedagogiki Kazahstana*. Uchebnoe posobie. – Almaty: «Poligrafija-servis K», **2012**. – 222 s. (*In Russ.*).
2. Kul'bekova A.K. *Pedagogika professional'nogo horeograficheskogo obrazovanija*. Monografija. – Astana, **2016**. – 296 s. (*In Russ.*).
3. *Klassiki horeografii: Sb. Statej*. – L. – M.: Iskusstvo, **1987**. – 359 s. (*In Russ.*).
4. Basin E.Ja., Krutous V.P. *Filosofskaja jestetika i psihologija iskusstva*. – M.: Gardariki, **2007**. – 320 s. (*In Russ.*).
5. Ajuhanov B.G. *Biografija chuvstv*. – Almaty: Fond «Soros-Kazahstan», **2002**. – 334 s. (*In Russ.*).
6. Izim T.O., Kaiyr Zh.U., Turgymbaeva B.D., Saukhanova M.S., Kariyeva K.U., Baigozhina Zh.M. *On the professional competence formation in students as future choreography teachers (based on the art history materials of choreography of Kazakhstan)*. – Revista Espacios. – Vol. 39 (# 21). – **2018**. – P.38. (*In Engl.*).